

### Оралхан Бөкей шығармашылығындағы мифтік құбылушылық

Мифтік санаға тән құбылушылықтың бір ұшығы адам мен жануарлар арасына жік қоймаған мифтік санада жатыр. «Өте ертедегі мифтердің қатарына жануарлар туралы мифтер кіреді. Жануарлардың адамнан пайда болғанын немесе адамдардың арғы жануарлардан деп түсіндірілетін өте ертедегі архаикалық мифтер бар. Адамның жануарға, аң-құстарға айналуы туралы мифтер жер шарындағы барлық халықтарда дерлік бар»[1,55].

Яғни, метаморфоза дегеніміз – адам мен жануар ғана емес, адам мен табиғат арасына жік қоймаған сенімнен туындаған мифтік құбылушылықтың көркем әдебиеттегі көрінісі деген ереже туындайды. Алайда, әдебиеттің, әдебиеттану ғылымының даму барысында метаморфоза адам баласының жануарға, тау-тасқа, өсімдікке айналып кетуі деген ұғыммен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, адамның ішкі психологиялық жай-күйінде, жан-дүниесінде болып жатқан түрлі рухани құбылуларын да қамтиды.

Иә, әр ғасыр өз метаморфозаларын тудырады. Бұл жағынан алғанда, метаморфозаларды өз заманының ақиқатын ашып, шындығын көрсетіп берудің баға жетпес әдеби тәсілі деп айшықтауға болады.

Мифтік дәуірдегі таным түсінікке сай құбылушылық, яғни бір түрден екінші түрге айналу белгілі бір себептерден де болатыны белгілі. Қазақ фольклорында құбылу сарыны арқылы пайда болған нысандар тым жиі болмағанымен, біршама жақсы сақталған. Ғалым С. Қасқабасов мифтік құбылудың үш түрлі себебін атап көрсетеді. Бірі – адамның қатты шаршауы салдарынан («Ұйықтаған батыр»); екіншісі – адамның күнәлі болуы («Сынтас», «Келіншектау»); үшіншісі – қауіптен құтылу жолы («Қырық қыз»). Бұлардың бірінші және үшінші түрі, яғни адамның өз-өзінен аңға айналуы мен шаршағаннан ұйықтап кетіп, құбылуы мифтік сананың бірінші кезеңіне сай. Ал, күнәлі болғандықтан құбылуға түсу кейінге, дамыған мифологияның жемісі. Оның мысалы «Келіншектау», «Суыр», «Еділ мен Жайық» ертегілері[2,72-77б.].

Сонымен қатар, құбылушылықтың мақсатты және мақсатсыз болатынын айта келіп, «ешқандай мақсатсыз болатын құбылушылық кездесетін мифтер дүниедегі нәрсенің бәрі бірдей деген түсінікке негізделген» [3,70] - дейді. Яғни, мақсатсыз құбылушылық мифтік сананың алғашқы сатысына, мақсатты құбылушылық мифтік сананың кейінгі сатысына тән.

Көне мифтерде адамның қауіптен не басқа жағдайлардан қашып немесе тірлік hareketтерінен шаршап, аңға, құсқа, т.б. табиғат нысандарына айналуы тұрақты желі болып келеді. Қасіреттен екінші түрге ауысу да – мифтік құбылушылыққа тән тұрақты белгілердің бірі. Рухтың мәңгіліктігін, ұлылығын паш еткен мифопоэтикалық сана оның қуанышты, қасіретті қалыптарын да естен шығармай, әр түрлі құбылушылық оқиғалармен белгілеп отырады. Ал, көркем әдебиетке ауысқан метаморфозалар да өз кезеңіне қарай ерекшеленеді. Қазіргі таңда метаморфоза адам баласының жануарға, тау-тасқа, өсімдікке айналып кетуі деген ұғыммен ғана шектелмей, адамның ішкі психологиялық жай-күйінде, жан-дүниесінде болып жатқан түрлі рухани құбылуларын да қамтумен ерекшеленуде.

Мифтік құбылушылық көркемдік тәсіл ретінде көркем жазба әдебиетте кеңінен қолданылады. Грек мифтеріндегі құбылушылықты көркем түрде бейнелеген Овидийдің «Метаморфозаларын», австриялық жазушы Ф.Кафканың «Құбылу» повесін, Г.Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздығын», Апулейдің «Алтын есек» туындысын назарға алсақ, мифологияның көркемдік-идеялық мақсатта жұмсалудың аңғарамыз. Метаморфозаларға мұндай иек артып, ол арқылы ой өрбітуден өткен, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті де кенде қалған жоқ. М. Жұмабаевтың, С. Сейфуллиннің, Ш. Айтматовтың көркем туындыларында құбылушылық орын алса, мұндай желі қазіргі ұлттық әдебиетімізде О. Бөкей, Р. Нүрпейісов,

М. Айтқожина, Е. Раушанов, Т. Нұрмағамбетов сынды ақын-жазушылардың шығармаларында жалғасын тапты.

Көкіректе жатқан шындықты тап басарлық айқын дәлел, терең таным-түсініктерге бай шығармалар шоғыры жайлы сөз қозғағанда, ойға оралатын бірден-бір есім – Оралхан Бөкеев.

Оралхан - қашанда уақыт алға қойған өзекті проблемаларды шығармаларына арқау еткен ойы да, қаламы да ұшқыр жазушы. О.Бөкей шығармаларындағы зерттеушілеріміздің қаламы әлі жете қоймаған мәселелердің бірі – жазушы шығармашылығындағы мифтік құбылушылық, яғни метаморфоза мәселесі деп білеміз. Мифтік құбылушылық О. Бөкей прозасында да көрініс табатынына талдау барысында көз жеткізе аламыз.

Австриялық жазушы, әлем әдебиетінің классигі Ф. Кафканың «Құбылу» повесінде адамның (Грегор) қоңызға айналу себебі ашылмайды. «Бір күні мазасыз ұйқыдан оянған Грегор Замза өз төсегінде қорқынышты жәндікке айналып кеткенін байқайды»[3,340]. Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесіндегі бала балыққа айналуы жан – тәнімен қалайды[4,34-36]. Баланың балық болуды армандау себебі – ақ кемедегі әкесіне жету. О.Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі Ерік те араға айналуы көксейді. Араға айналып, судың арғы бетіндегі ақ боз атты қызға жетуді аңсайды. Ш. Айтматовпен О. Бөкейдегі құбылушылық бір мақсатта жүзеге асады.

О. Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі Еріктің араға айналуының алғы шарттары повестегі оқиға барысынан көрініп отырады.

«-Ей, Алла, сенің бетіңе көп қарасам, бірте-бірте араға айнала бастайсың» немесе:

-Мен – еңбек арысымын, ал, сен «Пчелинный волксың». Омартаның қас жауы.

-Ал, сен- «Опасный гибрид» арасың ...әлгі өзің Америка құрлығынан алдырған.

-А-а, олар – асыл текті аралар, тіл тигізбе... Вообщее, болашақ

солардікі, шынында да кейде араға айналғым келеді»[3,154].

Бұл – Таған мен Ерік арасындағы әңгіме. Жазушы адамдар мен аралар дүниесін қатарластыра бере отырып, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін танытуға ұмтылады. Омарташы Еріктің кимыл-әрекеті араға ұқсастыра бейнеленген. «Екі қолын қанатша қомдап, ара секілді кейіпке еніп, ызындаған күйі шыға жөнелді»[26/155]. «Басы сынып, ызың-ызың араның ұясына айналған Ерік тек таңға жуық қана қорылдап ұйықтап кетті»[5,156]. Еріктің көзіне оң мен түстің арасынан көрінген қыз аузынан да: «Сіздің жүрегіңіз жоқ, аға, сіздің жүрегіңізді ара шағып алған»[26/156] деген сөз айтылады.

Ақбоз атты сұлуға асыққан Ерік повесть соңында араға айналуы тілейді.

«Ерікте ес қалмады. Суға түсердей болып, жағалауға мінбелей ынттыққан. «А, құдай, араға айналсам екен, ара болып арғы бетке ұшсам екен» деп, тізерлей отырып, қолын аспанға соза, бар болмысын тіледі-ай, тұңғыш рет зар еңіреп жылады-ай...

Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды... бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көк бас сонаға айналды...» [5,216].

«Атау-кереде» адамдар әлемі мен аралар дүниесін қатарластыра суреттеуінде кейіпкердің өмір сүру философиясы, болмыс бітімі де ашыла түседі.

Не нәрсеге де күмәнмен қарау, есеп-қисапқа құрылған дүниеқоңыздық, сатқындық, қатыгездік – Еріктің болмысы. Еріктің араға (көк бас сонаға) айналуына да басты себеп – өз тіршілігінің, өз мақсатының, қызылға қызыққыш құлқынының құлына айналған болмысы. Оның трагедиясы да адамдық қалпын жоғалтуы.

Мифті қазақ фольклоры тұрғысынан зерттеген ғалым С. Қасқабасов еңбектерінде адамның басқа түрге айналуы жаза немесе қарғыстың салдары немесе құдайдың құдіретіндегі іс деп түсіндірілген. Еріктің сонаға айналуы мақсатты құбылушылық болумен бірге, бірнеше себепке байланысты. Біріншіден – өзінің қалауы. Араға айналуы ол жан тәнімен тіледі. Екіншіден, жазалануы. Ол бал арасына айналуы қалағанымен көк бас сонаға айналады. Ерік адамшылық қасиет атаулыдан аулақтап, қанағатсыздыққа қатыгездікке ұрынды, рухани дүниесі азып-тозды. Екі түрлі ұлттың арасынан шыққан «дүбәрә» ұрпақ ретінде бір ұлттың қасиетін ұстана алмады. Адамдар арасынан орын таба алмады. Қолында барды қол жетпес

жерден іздеді, түйіндей айтсақ, адамдық қағиданы бұзды. Нәтижесінде адамдық бейнеден айрылды.

Мифтік құбылушылық уақытша және тұрақты құбылу күйінде болады.

О. Бөкей кейіпкері сонау айналған қалпымен мерт болады: « Не болғанын білмей сасып қалған қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік-сона» қанатын серпуге де шамасы жетпей, тырапай асып домалап түскен...мәңгілікке...»[5,216].

О. Бөкейдің Ерігі шығарма соңында анық түрде құбылушылыққа ұшыраса, «Қар қызы» повесіндегі қар қызы туралы аңызда құбылушылық көмескі түрде нышан береді.

Аңыз бен адамдар әлемін қатарластыра алған автор аңыз оқиғасын мүлде жаңаша қалыпта бере отырып, мифтік құбылушылық желісін ұтымды пайдаланады. Бұл құбылушылықты уақытша құбылу деп қарауға негіз бар. Өйткені кейіпкер Нұржанның көзімен қарасақ, Қар қызы – Алмажан – қар қызы.

Мифтерде, хикаяларда бір түрден екінші түрге ауысып жүретін кейіпкерлердің көпшілігі адамға қас, зиянды болып бейнеленеді/жезтырнақ, албасты, шайтан, пері т.б./ Ал О. Бөкейдегі Қар қызының сипаты ондай емес. Алтай өңірінде қалың қар жауып мал атаулы азықсыз қалғанда ауыл адамдары табиғаттың бұл мінезін өзін зәбірлеген шалға өкпелеген қар қызының әрекеті деп ұғады.

«Қар қызындағы» қар қызының бейнесі қиялдан шындыққа ұласатын, шығарманың сюжетін бастан-аяққа тартып тұратын қызметімен ерекшеленеді. Қар қызы шығарма басында аңыздық мотив арқылы көрініс тауып, романтикалық кейіпкер ретінде танылады. «Қар қызы деген бәле оянып кетіпті деп жүр ғой. Не құт, не жұт... Қар қызы туралы аңызды айтасыз ғой» [6,283].

Шығарма барысында бұл аңыздық мотив бірте-бірте елес, түс көру мотивтерімен ұласады. Нұржанның құлағына естілетін қар қызының әуені, қар астында жатқанда үш жігіттің көрген түстері де сюжет дамытуда қызмет атқарып тұр. О дүниелік қыздар Бақытжан мен Аманжанды жер асты әлеміне шақырса, жер бетіндегі Қар қызы Нұржанды оятады.

«Осы кезде ақ қозының жүнінен жасалған ақ отауға үстінде қып-қызыл кебіні бар қар қызы кірді. Кірді де төр алдында қол-аяғын таңып тастағандай қор болып сұлай жатқан Нұржанның басын көтеріп: «Тұр, тұр, жігітім, таң атты, күн шықты», - деді жалынып» [6,349].

«Қар қызы... мынау сұп-суық өлкеде ән салатын ару сен екенсің ғой» [6,350].

Қар қызының мифтік образдан реалистік образға айналуы шынайы суреттелген. Елес қыздың шал мен кемпірдің қызы Алмажан кейпіне ауысуы да автор шеберлігін танытады. Алмажан әңгімесі шынайы өмірге бір табан жақын. «Сіз білесіз бе, атам мен апамның қар қызы деп жүргені – менмін. Иә, иә, іргеңізде жатқан сол аты аңызға айналған Қар қызы...» [6,377]. Қар қызының кемпірге айтқан сөздері Алмажан аузында қайталаанады. «Содан бері тіпті тірі адам бетіне қарағым келмейді. Екі аяқты атаулының бәр-бәрінен көңілім қалды да, үстіме аппақ көйлек киіп қырға шығып ән саламын... Ал қар қызы туралы аңызды өзім ойлап таптым. Атам екеуміз әдейі ел-жұртқа таратып жібердік. Міне, содан бері күндіз – сауыншы, түнде – қар қызы бейнесінде жүрмін...»[6,377]

Шығарма соңында Алмажанға айналған қар қызы қайтадан жұмбақ кейіпкер ретінде көрініс табады.

«Бүкіл әлем аппақ қардың астында жатыр...құлаққа сызылта салған мұңға толы ән келеді, мүмкін, адасып жүрген Қар қызының сыңсуы шығар...»

Қар қызы... Ол қандай екен? Бармысың мынау жалған дүниеде, әлде жоқпысың?...»[6,380]. Міне, «Қар қызындағы» уақытша құбылушылық (Қар қызы-Алмажан-Қар қызы) желісін осыдан байқаймыз.

Дәл осы шығармадан құбылудың тағы бір ұшығы көрініс табады. Біз жоғарыда жануарға, тау-тасқа, өсімдікке айналып кетуі деген ұғыммен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, адамның ішкі психологиялық жай-күйінде, жан-дүниесінде болып жатқан түрлі рухани

құбылуларын да қамтиды деген болатынбыз. Оны кей ғылыми еңбектерде метампсихоза деп те атап жүр.

Қақаған қыста көк мұзды тау арасынан трактормен шөп әкелуге шыққан үш жігіттің өзі шығарма соңына дейін сан құбылады. Өмір мен өлімнің күресі кезінде кімнің кім екені танылып, адамға тән жақсылы-жаманды әр түрлі қасиеттері ашыла бастайды. Автор мұны бірден жарқыратып жайып тастамай, біртіндеп жеткізіп отырады.

Бір ауылда өсіп, мектепті бірге бітірген үш жігіт алғаш рет бірін бірі жақсы білетіндей көрінген. Бөлімше меңгерушісі Упрай бұларды шөпке жұмсағанда, әуелі Нұржанға: «Ауданның маңдай алды механизаторысың. Жаныңа сенімді екі жігітті өзің тандап ал!»[6,282] деген болатын. Сонда Нұржан, «Сенімді де мықты жігіт»[6,283] деп Аманжанды, «терісі қалың толық жігіт, қиындыққа шыдас берер»[6,283] деп Бақытжанды ерткен еді.

Сақылдаған сары аяз қысып, ызғар буған иесіз үйдің қонағындай, шарасыздықтың шырмауында келе жатқан жігіттерге Қоңқай асуында көздеріне шалынған өлімсірей жанған жарық кәдімгідей үміт, тілек болып еді. Бірақ алғашқы шайқас осы жалғыз жарықты жалғыз үйден басталған. Бұл үй – осы тауды ширек ғасыр мекендеген атақты Қоңқайдың үйі болып шығады. Міне, осы жауыз Қоңқаймен болған алғашқы шайқаста-ақ, жігіттердің болмыс – бітімі шым-шымдап көрініс бере бастайды. Нұржан не нәрсеге болсын ұстамдылық танытып, ақылға салып, байыппен шешуге тырысса, Аманжан қызуқанды, тез де шалт мінез байқатып қалады. Ал Бақытжан кезенген мылтықтан қорқып, есі шығып, зар еңіреп қоя береді. Қоңқайға сағатын бергісі келмеген Аманжанға: «- Бер, бере сал, ойбай, бастан құлақ садаға. Үйге барған соң өз сағатымды мен берейін саған...»[6,302] деп жалынады. Шалмен ептеп мәмілеге келіп, тамағын тойғызып алып, ұйықтасак дегенді ғана ойлайды ол. Бұдан, әрине, Бақытжанның өзімшіл характері шаң беріп қалады.

Ал Аманжан ызадан жарылып кете жаздайды. Тіпті, Қоңқайды атып тастағысы да келеді. Нұржан бұған: «Пиғылы жаттың бәрін ата берсек, адамдарды азайтып алармыз»[6,303] деп басу айтады.

Жалпы, Нұржан зерделі, ойлы замандасымызды таныта түсер еді. Қоңқай тұрмысы туралы ойлана келіп: «Шекспирді, Толстой мен Хемингуэйді білмей жатпiс жыл өмір сүру деген не сұмдық?» деген сөзі де оның характерін аша түскендей. Қоңқай да: «Үш жігіттің ішіндегі ең қауіптісі – Нұржан. Қалған екеуі көзінің алдындағыны ғана көретін дарақылау, ойлары таяз»[6,310] дейді. Ол да бұл сөзді Нұржанның зейін-зердесіне қарап айтса керек.

Ақыры Қоңқай жігіттерді теріс бағытқа салып, қауіпті асуға сілтеп жібереді. Бір қиындықтан құтылғандай болған оларды алдарынан одан да қатты азап, қар қыспағы күтіп тұр еді. Қанша жүргенмен бірінен бірі айырғысыз аппақ таулар арасында бұлар бағыттарынан айырылды. Адаскандарын білді. Қар тұтқынына түсті деген осы. Нағыз өмір үшін күрес басталды. Танылар түс келді. Не істерлерін білмей Нұржан мен Аманжан жанталасып жүргенде, Бақытжан тағы да босандық танытты. Ес-ақылынан айрылып, маужырап ұйқы басып келеді.

Қарындары ашқанын сезінген олар жылы төсек, ыстық сорпаны аңсайды. Аштық пен аяз қос қапталдан қысқанда жанындағы жолдастарымен қалтасындағы қатқан малтасын бөліп жеуге жарамаған Бақытжан бейнесінен сол сәтте шындап түңіле бастайсың. Бірақ бұл үш жігіттің болмысындағы құбылулардың басы ғана еді.

Қоңқай шалмен арадағы қақтығыстан соң Аманжанның да мінезі күрт өзгеріп кеткендей көрінеді.

« - Хватит! – деп айғай салды Аманжан. – Шалтай-балтайды қойыңдар. Екі тәулік алысканда ар-ұятымнан айрылып қалғанмын. Ал қарыз алуға әркімнің өз қара басына жетпей жүр. – Мойнының тамырлары білеудей болып ісініп шыға келді. Адамдардың мінез-құлқы қызық қой: қазір былай, қазір олай»[6,360]. Міне, осылайша, шығарманың басында мінезі шалт, бірбеткей болғанымен, «Сенімді де мықты жігіт» болып көрінген Аманжан да құбылып шыға келді.

«Неге екенін кім білсін, Бақытжан да бағанағы күрт мәселесінен кейін, өз-өзінен ол да өзгеріп сала берген. Күпірлікке толы күндерімен мүлдем қоштасқандай, адамгершілік, достық,

кимастық деген түсініктердің мәнін шындап парақтағандай болған. Бір бағытқа – бір мақсатпен аттанған адамдар арасында кара суды бөліп ұрттар қоян-қолтық ынтымақ болмайынша, ілгерілеу мүмкін еместігін ұққан. ...Ол – Бақытжан осынау қар шағылдардың арасынан достарын ғана емес, өзін де іздеп тауып алғандай болды. Ол ұлы жаңалық ашты – өзін ашты...»[6,363].

Мінекей, ер-азамат сыналар осындай қиын кезде үш жігіт бірін-бірі, тіпті өздерін жаңа танығандай болды.

Тіпті шығарма соңында Бақытжанның ғана ауылға аттанып, Нұржан қар елінде, адамдары аз кеңістікте, Қар қызы мекенінде қалуды жөн көріп, Аманжан болса: «Үлкен өмірге барғым келмейді. Үлкен өмірге кішкентай адамдар ғана сыя алады... Хош. Ендігі келгенінде бұл жер – Аманжан асуы деп аталады»[6,380], - деп Қоңқай шалдың асуында қалуының өзі, жігіттердің сан құбылудан кейінгі келген шешімдері еді. Сөйтіп, автор кейіпкерлер мінезіндегі өзгеріс құбылысты сәтті детальдармен ақтара ашып тастайды.

Жазушының өзіндік даралық қолтаңбасын айқындап тұрған тағы бір шығармасы – «Сайтан көпір» атты повесі.

Біз жоғарыда белгілі бір мақсатты көздеп, басқа бір нәрсеге айналу армандайтын мифтік құбылушылық түрлері кездеседі. Бірақ бұл толық құбылушылық емес, құбылушылыққа деген ынтызарлық деген ой айтқан болатынбыз. Міне, дәл осы құбылушылыққа деген ынтызарлық жазушының «Сайтан көпір» повесінде айқын көрініс тапқан.

Шығармада Аспан аңға айналғысы келеді: «Аң ба, адам ба? Аң болса екен деп тіледі, - А, құдай, аң болса екен, бүйтіп ит қорлығын тартқанша, жеп тынса екен... Сөйтіп бұл өмірде сүйегім де қалмай, жым-жырт жоғаламын немесе сол мені жеген аңға айналып екінші ғұмыр бастаймын... Екеуіміз тек осылай ғана өмір сүре аламыз. Адам аюға айналса дүниеде ешқандай айқай қорқыта алмас еді»[6,218].

Повестегі Аспан бірде қанат бітіп құс болып ұшуды армандайды, бірде өзін жеген аңға айналып дүниедегі Айқай, Анаулармен күреске шыққысы келеді.

Немесе, дәл осы тәсілге: «Мен түлкіге де, балыққа да айналғым келмейді, құс болып аспанға да ұшпаймын, ертекті еміп есеңгірегім де жоқ; кара жерге қада болып қағылған болашағым – айқын, бізге барлығы жетеді, барлығы бар, бізге жалғыз-ақ нәрсе жетпейді, бізге қалдырындар»[6,264] - деген Ерік ойы арқылы келеді.

Өлім, яғни о дүниеге өту мифологияда метаморфоза түрінде қарастырылады: адамның көп жағдайда құбылу өлген соң бірден емес, көп жыл өткен соң ғана жүзеге асады) түрінде (айталық, құсқа айналуы, түсіндіріледі. Осы сенім негізінде О.Бөкей шығармашылығына қатысты ой қозғауға болады: «Үлкендер, яғни ақсақалдар айтушы еді: пенденің өзі өлгенімен, жаны өлмей, құс секілді әлемді шарлап ұшып жүреді деп; Моладан шыққан сиқырлы сыбыр, сол әуелеп ұшып жүрген Құс-жанның ымырт жабыла өз ұясына оралып, күні бойына жер бетінен-тіршіліктен не көріп, не істеп білгендерін әңгімелеп жатқандай еді» [6,188].

«Жылқышының екі тізесінен төменгі жағында жан жоқ, мұны тастап аспанға ұшып кеткен секілді»[6,235]. Келтірілген мысалдар адам өлген соң, оның жаны құс бейнесінде көрінеді деген сенімге негізделген .

О.Бөкей құбылушылық желісін шығармаларына арқау еткенде мифологиялық ойлау тұрғысынан келеді. Жинақтап айтар болсақ: «Атау кере» повесіндегі метаморфоза көріністері:

а) Еріктің құбылуы жаза түрінде түсіндіріледі;

ә) Бойжеткеннің қар қызына айналуы қиянат, зәбір көріп, адамдарға өкпелегендіктен деп ұғындырылады;

б) Мифтік көзқарас бойынша, адамның өлімі де бір түрден екінші түрге өту болып пайымдалса, жазушы дәл осы ұғымды тірек етеді. «О дүние», «бү дүние», «тірілер әлемі», «өлілер әлемі» арасындағы шекара туралы таным-түсініктер құбылушылықпен де

байланысты. Өлім, яғни өлілер патшалығына – о дүниеге өту мифологияда құбылушылық түрінде қарастырылады;

в) Біз жоғарыда белгілі бір мақсатты көздеп, басқа бір нәрсеге айналуды армандайтын мифтік құбылушылық түрлері кездеседі. Бірақ бұл толық құбылушылық емес, құбылушылыққа деген ынтызарлық деген ой айтқан болатынбыз. Міне, дәл осы құбылушылыққа деген ынтызарлық шығармада аңға, біресе құсқа айналғысы келген Аспан сөзінде, аппақ қардың үстіндегі симпозиумда сөз алған Еріктің адамзатқа арнап айтқан ойынан айқын көрініс тапқан.

г) Сонымен бірге, адамның өз ішінде метампсихозалық тәсіл арқылы құбылуын да автор ешбір логикалық қайшылықтарсыз сюжет барысында тиімді пайдалана біледі.

В. В. Иванов «В европейской и американской литературе времени романтизма /Э.Т.А. Гофман и другие/ сюжеты связанные с метаморфозой, иногда получают новое осмысление в духе поэтики иррационального, сораяя древние архитипические истоки» [7,111] дей отырып, XX ғасыр әдебиетіндегі метаморфоза желісінің классикалық үлгісі ретінде Ф.Кафканың «Құбылушылық» повесін айтады. Дәл осы пікірді О. Бөкей туындысындағы мифтік құбылушылық желісіне қатысты айтуға болады. Лосев пікірін ұстана отырып, миф – сөз құдіретіне ие болған тұлғаның тарихы деп қарасақ, осы мәдени тұлғаның рухани-шығармашылық қазынасын құрастыратын тылсымның құрылымдық бөлімдерін архетиптер деп атайды. «Архетип» атауын енгізген К. Г. Юнг пікірі осыған келіп саяды. Мәдениеттанушылар әрбір халық мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде архетиптеріне жиі оралатынын ерекше атап өтеді. Осы тұжырым аясында О. Бөкейдегі мифтік құбылушылықты алып қарасақ, көне сенімге табан тірей отырып, ұлттық болмыс пен рухтың белсенділігін арттыруды мақсат еткен қаламгер идеясын тани аламыз.

Мифтік құбылушылық желісі О. Бөкей танымында адам атты жаратылыстың сыры мен құпиясын білуге ұмтылу, рух мәңгіліктігі мен жасампаздығын қуаттау, адамзат баласына тән сана мен сезім әлемін қастерлеу мақсатында көркемдік қызмет атқарған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аймұхамбетова Ж.Ә. О.Бөкеев прозасындағы мифологизм мәселесі. канд. дисс. Астана, 1999
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы – Алматы: Жазушы, 1984
3. Кафка Ф. Избранное. – Москва, 1989 – с. 340
4. Айтматов Ш. Ақ кемесі. – Алматы, 1973
5. Бөкеев О. Ұйқым келмейді. – Алматы, 1990
6. Бөкеев О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.1. Повестер. – Алматы: Жазушы, 1994. – 496 б
7. Иванов В.В. Мифы народов мира. Энциклопедия. – Москва, 1997

#### **Resume**

The article discusses the role of art in works of mythical stories writer O. Bokey.

#### **Резюме**

В статье рассматривается художественный роль мифических сюжетов в произведениях прозаика О.Бокей.

#### **Özet**

Makale efsanevi hikayeler yazar O. Bokey eserleri sanatın rolünü tartışıyor.